


«Келісемін»

Келес ауданының адами әлеуетті  
дамыту бөлімінің тәрбие секторының жетекшісі:



Қ. Пулатов

«Келісемін»

№13 Т. Бигелдинов атындағы жалпы орта  
білім беретін мектебінің директорының  
міндетін уақытша атқарушы:  
К. Отарин



**2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БІЛІМ БЕРУДІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМДЫ  
ДАМУДЫҢ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНА СӘЙКЕС ОҚУ-  
ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙЛЕРІНДЕ БІРЫҢҒАЙ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ  
ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТӘСІЛДЕРІН ҚҰРУ АЯСЫНДА ТӘРБИЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН ІСКЕ  
АСЫРУДЫҢ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ**

**«№13 Т. Бигелдинов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары  
ТӘРБИЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

**Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс**

**Тәрбие жұмысының мақсаты:**

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;
- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.
- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді.

### **Тәрбие жұмысының міндеттері:**

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
9. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.
10. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.

### **Күтілетін нәтижелер:**

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмді, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;

- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
- Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;
- Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
- Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.
- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

#### **Іске асыру тетіктері:**

- Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

**Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:**

- «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/>;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002;);
- «Неке (ерлі-зайынтылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518;);
- 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext>;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-V <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;

- «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>.

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі – педагогикалық тәжірибеге білім алушылардың академиялық білімін, негізгі біліктіліктері мен құзырлылықтарын қалыптастыруды, олардың оқуға деген ұмтылысын, оқу-танымдық әрекетке қызығушылығын арттыруды қамтамасыз ететін білім берудің мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістері мен технологияларын ендіру.

### **ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:**

**Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.**

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-танымдық тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

## Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2022-2023 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер:

- ✓ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздеріне – 30 жыл;
- ✓ Қазақстан Республикасының БҰҰ-ға кіруіне – 30 жыл;
- ✓ Ахмет Байтұрсыновтың туылғанына – 150 жыл;
- ✓ Мәншүк Мәметованың туғанына – 100 жыл;
- ✓ Әзілхан Нұршайықовтың туғанына – 100 жыл;
- ✓ Роза Бағланованың туғанына – 100 жыл;
- ✓ Талғат Бигелдиновтың туғанына – 150 жыл;
- ✓ Сұлтан Бейбарыстың – 800 жыл;

Білім алушылардың функционалдық сауаттылықтары мен әмбебап құзырлылықтарын қалыптастыруға қол жеткізетін бағыттардың бірі – құндылыққа негізделген оқыту мен тәрбие бағдарламасы (одан әрі – Бағдарлама). Бағдарламаның шешуші идеясы оқу-тәрбие процесін білім алушыларды ұлттық құндылықтар негізіндегі жалпыадамгершілік құндылықтарға баулуға бағыттау.

2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар ұсынылады:

- ✓ «Оқуға құштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы – орта мектеп»;
- ✓ «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- ✓ «Дәстүр мен ғұрып»;
- ✓ «Еңбек – елдің мұраты»;
- ✓ «Үнем – қоғам қуаты»;
- ✓ «Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»
- ✓ «Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін ұйымдастыру»
- ✓ «Қоғамға қызмет»;
- ✓ «Мектеп өмірінің бір күні»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары;
- ✓ «Өзін-өзі басқару күні», «Өзін-өзі басқару аптасы» жобалары;
- ✓ «Музей сабақтары» – «Музей күні» жобасы;
- ✓ «Театр сабақтары» жобасы.

**Сынып сағаттарының жоспарларын жасау кезінде оқушылардың жеке қажеттіліктері мен мүдделеріне назар аудару керек. Тақырыптық сынып сағаттарын өткізу формалары:**

- 1) нақты тақырыптағы әңгіме,
- 2) пікірталас, диспут, дебаттар,
- 3) рөлдік ойындар,
- 4) тақырыптық дәріс,
- 5) сынып жиналысы,
- 6) байланыс сағаты,
- 7) ойын-саяхат,
- 8) тренингтер,
- 9) конференциялар,
- 10) шеберлік сыныптар,
- 11) театрлық қойылымдар

**Ата-аналармен жұмыс келесі бағыттарда жүргізіледі:**

- Оқушылардың оқу жетістіктерін талдау.
- Ата-аналарды сыныптағы эмоционалды климаттың жағдайымен таныстыру. Мұнда әңгіме тақырыбы білім алушылардың қарым-қатынасы, сыртқы келбеті және басқа да мәселелер болуы мүмкін.
- Психологиялық-педагогикалық ағарту.
- Ұйымдастыру мәселелерін талқылау (экскурсиялар, сынып кештері және т.б.).

Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру

| p/c                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Тәрбие жұмысының атауы                                                                   | Аяқтау нысаны                         | Жауаптылар                                | Орындау мерзімі    |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------|-------------------------------------------|--------------------|
| <b>I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету</b>                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                          |                                       |                                           |                    |
| 1.1                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Тәрбие жұмысының қызметін регламенттейтін нормативтік құжаттаманың ерделеу               | Нормативтік-құқықтық база             | Мектеп әкімшілігі                         | тамыз              |
| 1.2                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Мектептегі тәрбие жұмысының қызметі бойынша нормативтік-құқықтық база әдістемелік сағаты | Хаттама                               | Мектеп әкімшілігі                         | 02.09.2022ж.       |
| <b>II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету</b>                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                          |                                       |                                           |                    |
| 2.1                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Тәрбие жұмысының 2022-2023оқу жылына арналған жоспарын жасау және бекіту                 | Бекітілген жұмыс жоспары              | ДТДЖО                                     | тамыз              |
| 2.2                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Тәрбие жұмысының жоспарын құру бойынша сынып жетекшілеріне кеңес беру                    | Топтағы жұмыс жоспары                 | ДТДЖО                                     | 29.08-03.09.2022ж. |
| 2.3                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Тәрбие жұмысы бойынша құжаттаманы жүргізу                                                | Сынып жетекшінің құжаттамасы          | ДТДЖО                                     | Жылбойы            |
| 2.4                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Сыныптың әлеуметтік картасын жасау                                                       | Әлеуметтік карта                      | Әлеуметтік педагог<br>Сынып жетекшілер    | 05-10.09.2022ж.    |
| 2.5                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | «Тәуекел тобындағылармен» сауалнама жүргізу                                              | Сауалнама талдауы                     | ДТДЖО<br>Педагог-психолог                 | 12-17.09.2022ж.    |
| 2.6                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігін сайлау                                      | Хаттама                               | ДТДЖО<br>Сынып жетекшілер                 | Жоспар сәйкес      |
| 2.7                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту                                                      | Хаттама                               | Қамқоршылық кеңес төрағасы                | Жоспар сәйкес      |
| <b>III. Іске асыру механизмдері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар</b>                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                          |                                       |                                           |                    |
| <b>1. БАҒЫТЫ: ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ-ТӘРБИЕ</b>                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                          |                                       |                                           |                    |
| <b>Мақсаты:</b> патриот пен азаматтың Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, мемлекеттің және қоғамның заңдарын ұғыну мен сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас ісқимылға қарсы заңсыздыққа қарсы тұру, баланың және жасөспірім ортасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын ұлтжанды азамат қалыптастыру. |                                                                                          |                                       |                                           |                    |
| 1.1                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ: 2022-2023 оқу жылының басталуына арналған                 | Мәлімет, сараптама, әлеуметтік желіде | ДТДЖО<br>А, Аға тәлімгер<br>АӘД жетекшісі | 1 қыркүйек 2022ж.  |

|     |                                                                                                                                                                                              |                                                       |                                                                                   |                        |
|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------|
|     | 1 қыркүйек Білім күнін және «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында бірыңғай сынып сағатын өткізу.                                                                      | жариялау                                              | Үйірме, сынып жетекшілері                                                         |                        |
| 1.1 | <b>«ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА – ҚАУЫМҒА ПАНА» ЖОБАСЫ:</b><br>«Абайлаңыз, балалар!» акциясы<br>«Құқықтық сауаттылық» декадасы                                                                             | Мәлімет, сараптама,<br>әлеуметтік желіде<br>жариялау  | ДТДЖО<br>Педагог-психолог<br>Әлеуметтік педагог<br>Аға тәлімгер Мектеп инспекторы | Қыркүйек<br>3,4 - апта |
| 1.2 | <b>«АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ» ЖОБАСЫ:</b><br>«Адал ұрпақ» клубы, оқушылардың<br>«Өзін-өзі басқару» ұйымдары:<br>«Жас Ұлан» ұйымы;<br>Мектеп Парламенті;<br>«Жас сарбаз» сыныбы                          | Мәлімет, сараптама,<br>әлеуметтік желіде<br>жариялау. | ДТДЖО<br>Әлеуметтік педагог<br>Аға тәлімгер<br>АӘД жетекшісі                      | Қазан<br>2-апта        |
| 1.2 | <b>«ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ» ЖОБАСЫ:</b><br>ҚР рәміздеріне 31 жыл толуына орай «Қазақстан рәміздері елдігімнің белгісі» атты тақырыбында тәрбие сағат                                                 | Мәлімет, сараптама,<br>әлеуметтік желіде<br>жариялау  | ДТДЖО<br>Тарих-география пән бірлестігі                                           | Қараша<br>2-апта       |
| 1.3 | <b>«АДАЛ ҰРПАҚ – САНАЛЫ ҰРПАҚ» ЖОБАСЫ:</b><br>«Ауғанның от жалыны» ауған соғысы ардагерлерімен кездесу                                                                                       | Мәлімет, сараптама,<br>әлеуметтік желіде<br>жариялау  | ДТДЖО<br>Әлеуметтік педагог<br>Аға тәлімгер<br>АӘД жетекшісі                      | Ақпан<br>2-3 апта      |
| 1.4 | <b>«ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ» ЖОБАСЫ:</b><br>«Бала еңбегін қанауға қарсы -12 күн»<br>2022 жыл Балалар жылына орай «Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау» тақырыбында Ата-аналармен кездесу | Мәлімет, сараптама,<br>әлеуметтік желіде<br>жариялау  | ДТДЖО<br>Әлеуметтік педагог<br>Мектеп инспекторы<br>Сынып жетекшілер              | Сәуір<br>1-2 апта      |
| 1.5 | Ұлы отан соғысындағы Жеңістің 78 жылдығы<br>«Ұлы Жеңіске мәңгілік тағзым!»                                                                                                                   | Мәлімет, сараптама,<br>әлеуметтік желіде<br>жариялау  | ДТДЖО<br>АӘД жетекшісі<br>Әлеуметтік педагог<br>Аға тәлімгер<br>Сынып жетекшілер  | Мамыр<br>2- апта       |
| 1.6 | <b>«ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА – ҚАУЫМҒА ПАНА» ЖОБАСЫ:</b><br>«Қылмыссыз жаз!» бағытында рейдтер мен түсіндірме жұмыстары                                                                                 | Мәлімет, сараптама,<br>әлеуметтік желіде<br>жариялау  | ДТДЖО<br>Ұйымдастыру педагог Аға<br>тәлімгер<br>Сынып жетекшілер                  | Маусым                 |

## 2.БАҒЫТЫ: РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ТӘРБИЕ

**Мақсаты:** адамның рухани, моральдық-этикалық қасиеттерін, оның адамгершілік құндылықтарына және қазақстандық қоғамның әдет-ғұрыптарына сәйкес келетін рухани-адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын жандандыру туралы «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздерін

|                              |                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                   |                                                                                         |                     |
|------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|---------------------|
| терең түсінуді қалыптастыру. |                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                   |                                                                                         |                     |
| 2.1                          | «АҚЫЛДЫ ВОЛОНТЕРЛІК» ЖҮЙЕСІ НЕГІЗІНДЕ<br>ОҚУШЫЛАРДЫ «ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ» ӘЛЕУМЕТТІК<br>ЕРІКТІЛЕР ЖОБАСЫ:<br>«Адамдарға қуаныш сыйла!» қайырымдылық акциясы                                                                                                         | Акция қамқоршылық<br>кеңес отырысында<br>есеп беру, әлеуметтік<br>желіде жариялау | ДТДЖО<br>Әлеуметтік педагог<br>Әлеуметтік педагог<br>Аға тәлімгер                       | Қыркүйек<br>5-апта  |
| 2.2                          | «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ: «Оқырман<br>мектеп-оқырман отбасы» акциясын жариялау 20 минуттық<br>кітап оқу ұйымдастыру (мектепте және отбасында)<br>1 қазан-Қарттар күні<br>"Өмірдің күзі жылы болсын". Еңбек ардагерлеріне құрмет<br>көрсету және құттықтау. | Мәлімет, сараптама,<br>әлеуметтік желіде<br>жариялау                              | ДТДЖО<br>Әлеуметтік педагог<br>Кітапханашы<br>Сынып жетекшілер<br>Аға тәлімгер          | Қазан<br>1-2 апта   |
| 2.3                          | «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ: Қазақтың лирик<br>ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына 91 жыл толуына орай<br>қалалық жас ақындар шығармашылық кеші                                                                                                               | Мәлімет, сараптама,<br>әлеуметтік желіде<br>жариялау                              | ДТДЖО<br>Қазақ тілі мен әдебиеті пән<br>бірлестігі                                      | Қараша<br>3-апта    |
| 2.4                          | «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ: «Адамзаттың<br>ұлы ұстаздары» тақырыбында викториналық сайыс<br>(Ыбырай Алтынсариннің туғанына 181 жыл толуына; Ахмет<br>Байтұрсынұлының 150 жылдығына)                                                                          | Мәлімет, сараптама,<br>әлеуметтік желіде<br>жариялау                              | ДТДЖО<br>Әлеуметтік педагог<br>Қазақ тілі мен әдебиеті пән<br>бірлестігі                | Желтоқсан<br>3-апта |
| 2.5                          | «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ:<br>Қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына 91<br>жыл толуына орай мектепшілік мәнерлеп оқу сайысы                                                                                                                     | Мәлімет, сараптама,<br>әлеуметтік желіде<br>жариялау                              | ДТДЖО<br>Кітапханашы<br>Қазақ тілі мен әдебиеті пән<br>бірлестігі                       | Ақпан<br>2-апта     |
| 2.6                          | «ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ» ЖОБАСЫ:<br>1 наурыз – Алғыс айту күні «Алғыс – бұл ...»                                                                                                                                                                                       | Мәлімет, сараптама,<br>әлеуметтік желіде<br>жариялау                              | ДТДЖО<br>Әлеуметтік педагог                                                             | Наурыз<br>3-апта    |
| 2.7                          | «ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ» ЖОБАСЫ:<br>23 сәуір - дүниежүзілік кітаптар күні<br>«Қазақ тіліндегі 100 жаңа кітап» тақырыбында дөңгелек үстел                                                                                                                             | Мәлімет, сараптама,<br>әлеуметтік желіде<br>жариялау                              | ДТДЖО<br>Әлеуметтік педагог<br>Кітапханашы<br>Қазақ тілі мен әдебиеті пән<br>бірлестігі | Сәуір<br>3-апта     |
| 2.8                          | «ӨНЕГЕЛІ БІР САҒАТ» ЖОБАСЫ:<br>«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» акциясы                                                                                                                                                                            | Мәлімет, сараптама,<br>әлеуметтік желіде<br>жариялау                              | ДТДЖО<br>АӘД жетекшісі<br>Ұйымдастыру педагог<br>Аға тәлімгер                           | Мамыр<br>2 -апта    |
| 2.9                          | «ОТБАСЫ – ОРТАҚ МЕКТЕП» ЖОБАСЫ:<br>«Бақытты балалық!»                                                                                                                                                                                                          | Мәлімет, сараптама,                                                               | ДТДЖО<br>Ұйымдастыру педагог                                                            | Маусым              |

|                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                           |                                               |                                                                        |                    |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------|--------------------|
|                                                                                                                                                                                                                     | балалар күніне акция жариялау                                                                                                                                                             | әлеуметтік желіде жариялау                    | Аға тәлімгер<br>Әлеуметтік педагог                                     |                    |
